

ЛЕНИН ТУЫ

ККП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ
СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ККП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 51 (11113) | 1953 жылғы 9 март Дүйсенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Иосиф Виссарионович СТАЛИН

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен ССР Одағы Министрлер Советінің Қ А У Л Ы С Ы

Осы жылғы 9 мартта, дүйсенбі күні, ССР Одағының Министрлер Советінің Председатели және Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің Секретары, Генерал-симус Иосиф Виссарионович СТАЛИННИҢ денесін жерлеу кезінде, Москва уақытымен күндізгі сағат дәл 12-де Москвада, одақтас республикалардың астаналарында, қаһарман қалалар: Ленинградта, Сталинградта, Севастопольде және Одессада, сонымен қатар Калининград, Львов, Хабаровек және

Владивосток қалаларында артиллериядан салют берілсін.

Күндізгі сағат дәл 12-де Совет Одағының барлық жерлерінде үздіксіз өндірісті кәсіпорындарынан басқа барлық кәсіпорындардың жұмысы, темір жол, су және автомобиль транспортының жүрісі 5 минутқа тоқтатылсын.

Күндізгі сағат дәл 12-де фабрикаларда, заводтарда, темір жолдарда, өзен және теңіз флотының кемелерінде 3 минут бойы гудоктармен салют берілсін.

ССР ОДАҒЫНЫҢ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ
ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ

ССР ОДАҒЫНЫҢ
МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ

ССР Одағының Министрлер Советінің Қ А У Л Ы С Ы

ССР Одағының Министрлер Советі қаулы етеді:
1953 жылғы 9 мартта ССР Одағының Министрлер Советінің Председатели және Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің Секретары Иосиф Виссарио-

вич СТАЛИНДІ жерлейтін күні аса түту белгісі ретінде бастауып, жетіжылдық және орта мектептерде сабақтар өткізілмесін.

ССР ОДАҒЫНЫҢ МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ.

Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советінен

Қымбатты жолдастар!
Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советі кәсіподақтардың мүшелеріне, барлық еңбекшілерге совет халқы душар болған аса зор қайғыны —біздің ұлы көсеміміз, ұстазымыз, әкеміз және досымыз сүйікті Иосиф Виссарионович СТАЛИН жолдастың қайтыс болғанын аса зор қайғымен хабарлайы.

Қымбатты жолдастар! Сөйтіп, біздің партиямызды, бүкіл совет халқын Ленин көрсеткен жолмен алға бастады. СТАЛИН жолдастың данышпандық басшылығымен біздің Отанымыз қысқа тарихи мерзімде қуатты социалистік державаға айналды.

СТАЛИН жолдастың ұлы данышпандығы совет халқын Отан соғысы жылдарында неміс-фашист басқыншыларын жеңген бүкіл дүниежүзілік тарихи жеңіске

Совет халқы көзір, аразында СТАЛИН жолдас жоқ кезде, коммунизм орнатудың ұлы ісінің табысты болуы үшін біздің әрқайсымыздың жауапкершілігіміз өлшеусіз артатындығын толық түсінеді.

Біздің еліміздің барлық еңбекшілері өзінің туысқан Коммунистік партиясына шексіз берілген және Лениннің-СТАЛИННІҢ ұлы партиясы совет халқын СТАЛИН жолдас көрсеткен жолмен алға бастайтын-

Асқан ұлы ұйымшылдық пен бірлік

Бүгін Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті пленумының, ССР Одағы Министрлер Советі және ССРО Жоғарғы Советі Президиумының біріккен мәжілісінің қаулысы жарияланған отыр. Бұл аса маңызды документті партия және бүкіл совет халқы бірауыздылықпен мақұлдап қарсы алады.

Қайғылы, ауыр күндерде, біздің ұлы көсеміміз және сүйікті ұстазымыз Иосиф Виссарионович Сталин аразыдан кеткен кезде партия мен халық Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің және Совет Үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да берік топтасуда.

«Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті, ССР Одағы Министрлер Советі, ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы, —делінген қаулыда,— біздің партия мен еліміз үшін осы ауыр уақытта партия мен үкметтің аса маңызды міндеті —елдің бүкіл өмірінс іркіліссіз және дұрыс басшылықты қамтамасыз ету деп есептейді, ал, мұнын өзі басшылықтың аса зор ұйымшылдығын, ешқандай бытыраушылық пен үрейге мол берілмеуін, сөйтіп, осылай ету арқылы біздің партия мен үкмет жасап берген саясаттың еліміздің ішкі істерінде болсын, сол сыяқты халықаралық істерінде болсын ойдағыдай жүзеге асырылуын сөзсіз қамтамасыз етуді талап етеді.

Партия мен үкмет жасап берген осы саясат халқымыздың өмірлік мүдделеріне жауап береді және халқымыз тарапынан шексіз қуатталады. Совет халқы өзінің туысқан партиясына жалғыз сүйіспеншілік көрсетуде, өйткені, оның бүкіл жұмысының жоғары заңы халықтың мүдделеріне қызмет ету болып табылатынын біледі.

Біздің партия саясатының дұрыстығын күрестің ондаған жылдары бойына сыннан өтті. Партияның саясаты ССР Одағында социализмнің бүкіл дүниежүзілік тарихи жеңістерін қамтамасыз етті. Осы саясатқа айнамастан өре отырып, Совет Одағының халықтары партияның сыннан өткен басшылығымен, коммунистік құрылыстың үсті-үстіне жаңа табыстарына жетуде.

«Біздің қуатты Отанымыз, —деді Г. М. Маленков жолдас Орталық Комитеттің партияның XIX съезінде жасаған есепті баяндамасында,— өз күштерін көркейтті, жаңа табыстарға қарай қадам басуда. Бізде толық коммунистік қоғам орнату үшін қажетті нәрсенің бәрі бар. Совет елінің табиғат байлықтары ұшан-теңіз. Біздің мемлекетіміз осы орасан мол байлықтарды еңбекшілердің мүддесіне пайдалана алатынын дәлелдеп берді. Совет халқы өзінің жаңа қоғам орната алатынын көрсетіп, болашаққа сеніммен көз жіберуде.

Совет Одағының халықтарын ұрыстарда сыннан өтіп, шыныққан, лениндік-сталиндік саясатты бұлжытпай жүзеге асырған отырған партия бастап келеді.

лық топтарының, жұмысшылардың, колхозшылардың, интеллигенцияның материалдық әл-ауқатын онан әрі жақсарту болып табылады. Біздің елде бүкіл қоғамдық өндірістің үздіксіз өсуі, жоғары техника негізінде оның үнемі жетілдірілуі қоғамның үздіксіз өсіп отыратын материалдық және мәдени көрсеткіштерін мейлінше толық қанағаттандыруға бағындырылған. Сталин жолдас анып берген социализмнің негізгі экономикалық заңы осындай, сондықтан партия мен үкметтің елге басшылық ету жөніндегі бүкіл жұмысы осы заңның талаптарына сүйенеді.

Совет Одағының Коммунистік партиясы мен Совет Үкметі бейбітшілікті сақтау және баянды ету саясатын, жаңа соғысты әзірлеу мен бастауға қарсы күресу саясатын, халықаралық ынтымақты және барлық елдермен іскерлік байланыстарды дамыту саясатын мейлінше берік және дәйектілікпен жүргізуде. Біздің сыртқы саясатымыз осындай—ал, бұл саясат мызғымайды! Бұл саясат Советтік социалистік мемлекеттің нағыз мәнінен туады, халықтардың теңправолылығы мен достығының және пролетарлық интернационализмнің біздің елімізде үстем болып отырған социалистік идеологиясынан туады. Пролетарлық интернационализм туынан айнамайтын ССРО халықтары ұлы қытай халқымен, барлық халықтық демократия елдерінің еңбекшілерімен туысқандық достықты, капиталистік және отар елдердің бейбітшілік, демократия және социализм ісі үшін күресуші еңбекшілерімен достық байланыстарды дамытып, нығайтуда.

Біздің ұлы Советтік Отанымыз бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің басты тірегі және ту ұстаушысы болып табылады. Сондықтан біздің халқымыз өз елінің қорғаныс қабілетін нығайту арқылы өзін қандай да болса кездейсоқ және тұтқыныл өрекеттерден қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар, бүкіл адамзаттың үміттері мен шұғыл мүдделеріне жауап беретін бейбітшілікті қорғаудың ұлы ісіне қызмет етуде. «Әрине,—деп көрсеткен болатын Сталин жолдас,—агрессорлар Совет Одағына шабуыл жасаған күнде Совет Одағының қарусыз болуын тілейді. Бірақ, Совет Одағы бұған көнбейді және агрессорға сайма-сай қарумен қарсы шығу керек деп ойлайды». Сталин жолдасстың нұсқауларына сүйене отырып, Совет Одағының Коммунистік партиясы қандай агрессорға болса да құйрете тойтарыс беруге біздің әзірлігімізді үнемі арттыра беру үшін Совет Армиясын, Соғыс-Теңіз Флотын және разведка органдарын барынша нығайтуда. Совет мемлекетінің қорғаныс қабілеті мен қуаттылығы артып, нығаюда, бұдан былай да артып, нығая береді!

Коммунизм орнату жолындағы күресте бағыт беруші және бастаушы ұлы күш Совет Одағының Коммунистік партиясы

мен қуаттылығының басты шарты. Біздің міндетіміз— партияның бірлігін көздің қарашығындай сақтау, коммунистерді партияның саясаты мен қарарларын жүзеге асыру жолындағы белсенді саяси жауынгер етіп тәрбиелеу, партияның барлық еңбекшілермен, жұмысшылармен, колхозшылармен, интеллигенциямен байланысын бұрынғыдан да гөрі нығайту, өйткені біздің партияның күштілігі және жеңілмейтіндігі —халықпен осы тығыз байланысында.

Сталин жолдас былай деп үйретеді: егер біз қырағы болсақ, онда біз жауларымызды өткен уақытта қандай талқандаған болсақ және кәзіргі уақытта қалай талқандап отырған болсақ, болашақта да сондай талқандайтынмыз сөзсіз. Сталин жолдасстың осы нұсқауларын басшылыққа ала отырып, партия өзінің аса маңызды міндеттерінің бірі— коммунистерді және барлық еңбекшілерді жоғары саяси қырағылық рухында, ішкі және сыртқы жауларға қарсы күресте мейрімсіз және табанды болу рухында тәрбиелеу деп қарайды.

Біздің халқымыз ауыр қайғыға батқан бұл күндерде, рухының мойымайтын серпектігі мен өз күштеріне берік сенгендігін көрсетіп, ол Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен Совет Үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтасып отырған кезде, СОВЕТ Орталық Комитеті, ССРО Министрлер Советі және ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы өздерінің біріккен мәжілісінде партиялық және мемлекеттік басшылықты ұйымдастыру жөнінде бірқатар маңызды шараларды көздеген қаулы қабылдады. Бұл шаралар мемлекет пен партия органдарының жұмысына басшылық етуде онқандай іркілікке жол бермеуге бағытталған.

Сталин жолдас тәрбиелеген оның сенімді шөкірттері мен серіктері партия жасап берген, халықтың өмірлік мүдделеріне жауап беретін ішкі және сыртқы саясатты берік және дәйектілікпен жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Лениннің—Сталиннің ісі сенімді және берік қолда отыр.

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен Совет Үкметінің сыннан өткен басшылығымен біздің халқымыз өзінің барлық күші мен творчестволық жігерін елімізде коммунизм орнатудың ұлы ісіне жұмыссыз отырып, Сталин жолдас көрсетіп берген жеңістердің даңқты жолымен онан әрі сеніммен алға басады.

Қымбатты және сүйікті Иосиф Виссарионович Сталиннің мәңгі жасайтын есімі совет халқының және бүкіл прогресшіл адамзаттың жүрегінде әрқашан өмір сүреді. ССРО-да коммунизм орнатудың Сталин жолдас партия мен бүкіл халқымызды қаруландырып ұлы және айқын программасы жүзеге асырылады.

Қаһарман совет халқының ұрыстарда

бармадық өмірі ізі мәксатқа — еңбекшілерді азат ету ісіне, коммунизмнің жеңісі жолындағы күреске берілген еді.

Ленинмен бірге СТАЛИН жолдас қуатты Коммунистік партияны құрды және шыңдады, ол партия жұмысын табы мен еңбекші шаруаларды Ұлы Октябрь социалистік революциясының тарихи жеңісіне жеткізді.

Азамат соғысы мен шетел интервенциясы жылдарында біздің халқымыз Ленин мен Сталиннің басшылығы арқасында жауларды жеңіп, Октябрінің жеңістерін қорғап қалды.

СТАЛИН жолдас Ленинмен бірге көп ұлтты социалистік мемлекетті — Советтік Социалистік Республикалар Одағын құрды.

Лениннің мәңгі жасайтын ісін алға апары отырып, СТАЛИН жолдас Ленин

жолдас 30 жылдан аса уақыт бойына СТАЛИН жолдас біздің елімізді коммунизм орнату жолымен алға бастады. Сталин жолдас партияны және бүкіл халықты ССРО-да коммунизм орнатудың ұлы және айқын программасымен қаруландырды. СТАЛИН жолдасының мәңгі жасайтын істері мен ұлы идеялары біздің жүрегімізде мәңгі жасап, бізге жеңіске жету жолын көрсетіп отырады.

СТАЛИН жолдас бейбітшілік, демократия және социализм лагерінің соғысқа қарсы, бейбітшілік жолындағы, адамзаттың бақыты жолындағы әділетті күресін бастап, оған дем беріп отырады. Совет Одағының еңбекшілерімен бірге бүкіл дүние жүзінің еңбекшілері де біздің қайғымызға ортақтасып, орны төлемейтін қазыра қатты қайғыруда.

КӘСІПОДАҚТАРДЫҢ БҮКІЛОДАҚТЫҚ ОРТАЛЫҚ СОВЕТІ.

Совет Одағының Коммунистік партиясының Москва облыстық және Москва қалалық комитеттерінен

Совет Одағының Коммунистік партиясының Москва облыстық және Москва қалалық комитеттері Москва партия ұйымының мүшелеріне және Москва қаласы мен Москва облысының барлық еңбекшілеріне Коммунистік партияның, совет халқының және бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің ұлы көсемі және ұстазы, ССР Одағы Министрлер Советінің Председателі және СОКП Орталық Комитетінің Секретары Иосиф Виссарионович СТАЛИННІҢ мәзігісіз қайтыс болғанын аса зор қайғымен хабарлайды.

СТАЛИН жолдас айналып, біздің партиямыз бен совет халқы Лениннің серігінен және оның ісін данышпандықпен алға апарушыдан, өзінің барлық қармаандық өмірін жұмысын табының ісіне, халыққа қызмет етуге, коммунизм орнату ісіне жұмсаған ержүрек революционерден айырылды.

Ленинмен бірге СТАЛИН жолдас коммунистердің қуатты партиясын ұйымдастырып, шыңықтырды; Ленинмен бірге СТАЛИН жолдас Ұлы Октябрь социалистік революциясының дем берушісі және көсемі, дүние жүзіндегі тұңғыш социалистік мемлекеттің негізін кемеңгер салушы болды.

Иосиф Виссарионович СТАЛИННІҢ данышпандық басшылығымен совет халқы социалистік қоғам орнатты. Ұлы Отан соғысында тарихи жеңіске жетті, адамзатты фашистік құлдық хаушпен сақтап қалды, біздің елімізді бейбітшілік, демократия және социализм лагерін бастап келе жатқан қуатты социалистік державаға айналдырды.

Данышпан теоретик СТАЛИН жолдас марксизм-ленинизм қазынасына баға жетпес үлес қосты, біздің партиямыз бен бүкіл совет халқын ССРО-да коммунизм орнатудың аса ұлы программасымен қаруландырды.

Москва еңбекшілері туысқан СТАЛИН жолдас өмір сүріп, еңбек еткен қалада

өмір сүріп, жұмыс істеудің зор бақытына ие болды. Москва партия ұйымы, астана мен облыс еңбекшілері Иосиф Виссарионович СТАЛИННІҢ кемеңгерлік басшылығын және әкелік қамқорлығын үнемі сезіп отырды.

Біздің туысқан және сүйікті СТАЛИН жолдасының мәзігісіз қайтыс болуына қатты қайғыра отырып, Москва мен Москва облысының коммунистері мен барлық еңбекшілері біздің елімізде коммунизм орнату жөніндегі өзінің жігерін еселеп арттырады, саяси қырағылықты күшейтеді, партияның лениндік- сталиндік Орталық Комитеті мен Совет Үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтасады.

Иосиф Виссарионович СТАЛИННІҢ жарқын бейнесі еңбекшілердің жүрегінде мәңгі жасап, оларды социалистік Отанымызды одан сайын нығайта беру үшін, коммунизмнің толық салтанат құруы үшін жанқиярлық еңбекке рухтандырады.

Өкеміз, ұстазымыз және көсеміміз И. В. СТАЛИННІҢ қайтыс болуы жөнінде біздің партиямыз, совет халқы, бүкіл алдыңғы қатарлы адамзат қайғы шегін отырған бұл қайғы күндерде Қазақстанның еңбекшілері өзінің қатарын Коммунистік партияның Орталық Комитетінің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтастыруға, асқан ұлы бірлік және топтасқандық, рухының беріктігі және қырағылық көрсетуге, өзінің барлық күші мен жігерін елімізде коммунизм орнатудың ұлы ісіне жұмылдыруға ант береді.

Қазақ ССР министрлер Советі

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы

Партияның болшаққа арналған, біздің алға басуымыздың перспективалары мен жолдарын белгілейтін жоспарлары экономикалық заңдарды те сүйенеді, коммунистік қоғам орнату туралы Сталин жолдас жасап берген ғылымға сүйенеді.

Совет Одағының Коммунистік партиясының және Совет Үкметінің ерекше қамқорлық жасайтын ісі халықтың бар-

лып табылады. Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті, ССР Одағының Министрлер Советі және ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы партияның барлық мүшелеріне, Совет Одағының барлық еңбекшілеріне арнаған үндеуінде былай деп көрсетеді: «Партия қатарының болаттай бірлігі мен құрыш-тай берік топтасқандығы — оның күші

шыныққан авангарды, заманымыздың ақыл-ойы, ар-намысы және ар-ұяданы — Совет Одағының Коммунистік партиясы жасасын!

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті және біздің туысқан Совет Үкметі жасасын!

(«Правданың» 7 марттағы басмақаласы).

Совет Армиясының әскерлеріне БҰЙРЫҚ

8 март 1953 ж.

№ 35

Москва қаласы

Жолдастар, солдаттар мен сержанттар! Жолдастар, офицерлер мен генералдар!

Біздің халқымыз, біздің Армиямыз ауыр қайғыға кездесті. ССР Одағы Министрлер Советінің Председателі және Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің Секретары, Коммунистік партия мен совет халқының ұлы көсемі, Совет мемлекетінің басшысы Ұлы СТАЛИН қайтыс болды. Данышпан қолбасшы, Совет Одағының Генералиссимусы И. В. СТАЛИН арамыздан кетті.

СТАЛИННІҢ есімі партиямызға, совет халқына және оның Армиясына, бүкіл дүние жүзінің еңбекшілеріне шексіз қымбатты есім. СТАЛИН жолдас өзінің бүкіл өмірін түгелінен халықтың ісіне, коммунизм құрылысының ісіне арнады. Ленин мен Сталин коммунистердің қуатты партиясын құрды, тәрбиелеп, шыңықтырды, Совет мемлекетін және оның Қарулы Күштерін құрып, нығайтты.

Совет Армиясының бүкіл тарихы, оның азамат соғысы және Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жеңістері ұлы СТАЛИННІҢ есімімен тығыз байланысты. Өзінің Жоғарғы Бас Командашысы Совет Одағының Генералиссимусы И. В. СТАЛИННІҢ басшылығымен оның данышпандық жоспарлары бойынша Советтік Қарулы Күштер фашистік Германия мен

империалистік Жапонияны толық талқандап, өз Отанының бостандығы мен тәуелсіздігін сақтап қалды, Европа мен Азияның халықтарын фашистік құлдыққа түсірілуден құтқарды.

Совет Армиясы қатты қайғы сезімімен өзінің данышпан қолбасшысының табыты үстінде өзінің жауынгерлік туларын иеді.

Жолдастар, солдаттар мен сержанттар, офицерлер мен генералдар!

Өз қатарымызды Коммунистік партияның Орталық Комитеті мен Совет Үкметінің төңірегіне онан сайын топтастырамыз.

Қымбатты және сүйікті ұстазымыз, көсеміміз және қолбасшымыз СТАЛИН жолдаспен қостаса отырып, Совет Армиясының жауынгерлік қуатын қажымай-талмай нығайта беруге, оның жауынгерлік әзірлігін және үнемі қырағылығын арттыра беруге, совет халқының мәмісті еңбегін сенімді сақтауға, Совет Одағының мемлекеттің мүдделерінің күзетінде қырағы тұруға ант етеміз.

Мәңгі жасайтын СТАЛИННІҢ өсиеттерінен айнамайтын өз Армиясының Советтік Отан алдындағы қасиетті борышын аброймен орындауға әр дайым әзір екендігіне совет халқының сенуіне болады.

ССР Одағының Соғыс Министрі
Совет Одағының Маршалы Н. А. БУЛГАНИН.

ССР Одағының Соғыс-Теңіз Күштеріне БҰЙРЫҚ

8 март 1953 ж.

№ 21

Москва қаласы

Жолдастар, матростар, солдаттар, старшиналар және сержанттар!

Жолдастар, офицерлер, адмиралдар және генералдар!

Советтік соғыс теңізшілері арамыздан кеткен шексіз қымбатты өкеміз және ұстазымыз, ұлы қолбасшымыз, Совет Одағының Генералиссимусы Иосиф Виссарионович СТАЛИННІҢ жарқын бейнесі алдында партиямызбен және халқымызбен бірге қатты қайғырып, өздерінің жауынгерлік туларын иеді.

Ленин мен Сталин біздің қуатты Коммунистік партиямызды, дүние жүзіндегі тұңғыш Советтік социалистік мемлекетті орнатты, оның Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флотын құрды.

Азамат соғысы жылдарында СТАЛИН жолдасының данышпандық басшылығы арқасында жас Советтік мемлекеттің сансыз көп жауларын талқандап, ұлы тарихи жеңістерге жеттік.

Данышпан қолбасшы СТАЛИН жолдас Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарында халқымызды және оның Қарулы Күштерін фашизмді талқандаған жеңіске жеткізді.

СТАЛИННІҢ өшпес есімі совет халқының және оның жауынгерлерінің жүректерінде мәңгі өмір сүреді.

Жолдастар, матростар, солдаттар, старшиналар және сержанттар!

Жолдастар, офицерлер, адмиралдар және генералдар!

Ұлы көсеміміз және қолбасшымыз Иосиф Виссарионович СТАЛИННІҢ табыты жанында Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен Үкметі төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтасып, берік тұрамыз. Отанымыздың жауларына мейрімсіз болыңдар, Соғыс-Теңіз Флотының жауынгерлік қуатын қажымай-талмай нығайта беріңдер. Отанымыздың теңіз шекарасын және Лениннің — Сталиннің жеңімпаз туы астында коммунизм орнатып жатқан совет халқының бейбіт еңбегін қырағылықпен қорғаңдар, СТАЛИН жолдасының өсиеттерін ақырына дейін және аброймен орындаймыз деп ант етейік!

ССР Одағының Соғыс-Теңіз Министрі
Вице-адмирал Н. Г. КУЗНЕЦОВ.

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне ССР Одағының Министрлер Советіне ССРО Жоғарғы Советінің Президиумына

Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті, Қазақ ССР Министрлер Советі мен Жоғарғы Советінің Президиумы республиканың барлық еңбекшілерімен бірге біздің партиямыз бен бүкіл совет халқы дұшар болған аса ауыр қаза, — ССР Одағының Министрлер Советінің Председателі, Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің Секретары, Совет Одағы мен бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің көмеңгер көсемі және ұстазы Иосиф Виссарионович

СТАЛИННІҢ қайтыс болуы жөнінде өздерінің ұлы қайғысын білдіреді.

Сталин жолдасының есімі, еліміздің барлық халықтары сыяқты, Қазақстанның еңбекшілері үшін еркін турмыстың, жеңісті еңбектің, творчестволық батыл істер мен жеңістердің бейнесіне айналды. Коммунистік партияның, Сталин жолдасының үнемі көрсеткен көмегі арқасында Қазақстан совет өкметі жылдарында социализм елінің гүлденген республикасына айналды.

Өкеміз, ұстазымыз және көсеміміз И. В. СТАЛИННІҢ қайтыс болуы жөнінде біздің партиямыз, совет халқы, бүкіл алдыңғы қатарлы адамзат қайғы шегін отырған бұл қайғы күндерде Қазақстанның еңбекшілері өзінің қатарын Коммунистік партияның Орталық Комитетінің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтастыруға, асқан ұлы бірлік және топтасқандық, рухының беріктігі және қырағылық көрсетуге, өзінің барлық күші мен жігерін елімізде коммунизм орнатудың ұлы ісіне жұмылдыруға ант береді.

Қазақ ССР министрлер Советі

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯ СЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ,

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ

Иосиф Виссарионович СТАЛИН

ҰЛЫ КӨСЕМНІҢ ТАБЫТЫ ЖАНЫНДА

Совет халқы еңбекшілердің ұлы көсемімен қоштасуда. И. В. Сталиннің денесі салынған табытты қойған Одақтар Үйінің Колонналы залына қарай Москваның көшелерімен келе жатқан лек-лек халықтың ұшы-қыйыры жоқ. Қатты ойланш, үнеіз түйілген адамдар көсемнің табыты алдынан өтуде, әрбір совет адамы ұлы қазаны сезгендікпен, Лениннің — Сталиннің туынш адал қызмет ету атын ойында жады етуде. Әрбір адам өзіне, партияға: Сталин жолдастың мәңгілік есімі бүкіл прогресшіл адамзаттың жүректерінде мәңгі сақталады, совет адамдары партияның төңірегіне онан сайын тығыз топталып, өздерінің барлық күшін елімізде коммунизм орнату жолына жұмсайды дегісі келеді.

Таң жаңа атқан уақыт. Бірақ, Одақтар Үйіне жапсарлар көшелер, түні бойы осындай болғанындай, көзінде де халыққа лық толған. Көп адамдар бұл жерге тура жұмыстан келді. Мұнда — жұмысшылар, колхозшылар, совет интеллигенциясы, Совет Армиясының жауынгерлері, советтік халықтардың ұлы семьясының өкілдері, орыстар мен украиндар, белорустар мен грузиндер, күн сәулелі Арменияның ұлдары мен қыздары, шалғай Якутияның өкілдері.

Сталиндік жоспар бойынша астанада жер астында зәулім сарайлар — дүние жүзіндегі ең жақсы метрополитенді салған метро құрылысшыларының делегациясы залға кірді. Сталиндік заманның ең сәулетті құрылыстарының бірі салған Москва университетінің құрылысшылары зор венок әкелді. Ғылым академиясының делегациясы, ғылымның асқан кемелдері — И. В. Сталиннің табытына қою үшін, совет ғалымдарының веногін алып кірді.

Бүгін Москваға одақтас республикалардың делегациялары, облыстардың өкілдері келе бастады. Өзбекстанды көркейткен Сталин жолдасқа өзбек халқының шексіз сүйіспеншілігін білдіру үшін. Советтік Өзбекстанның өкілдері келді. Делегация бірнеше зор веноктар әкелді. Қазақ халқының көп делегациясы, оның ішінде республиканың басшылары, жұмысшылар, колхозшылар, жазушылар, ғалымдар көсемнің табыты алдынан өтті. Лениндік — Сталиндік ұлт саясаты арқасында өзінің бақытты өмірге және бес-

партиясының Орталық Комитетінен, Халықтық саяси консультациялық Советтің Бүкілқытайлық комитетінен, Чжоу Эньлайдан, Қытай Халық Республикасының ССРО-дағы Төтенше және Полномочиеі елшісінен, Қытай -Совет достығы Қоғамынан веноктар әкеліп қойды. Қытай еңбекшілері қытай халқының таңдаулы досы және ұстазы Иосиф Виссарионович Сталиннің қайтыс болғанына өздерінің қатты қайғыратындығын білдірді.

Залға халықтық демократия елдерінің елшіліктері мен миссияларының мүшелері кірді. Корей Халық Демократиялық Республикасының еңбек партиясының Орталық Комитеті мен Үкметінен, Корей Халық Демократиялық Республикасының Жоғарғы Халық жыйналысының Президиумынан веноктар қойылды. Венонка: «Барлық бейбітшіл халықтардың ұлы ұстазы және досы Иосиф Виссарионович Сталинге» деген сөздер жазылған.

Залға Венгрияның еңбекшілер партиясынан және Венгер Халық Республикасының Министрлер Советінен, Венгер Халық Республикасының, Чехословак Республикасының, Болгария Халық Республикасының, Польша Халық Республикасының елшіліктерінен, Румын Халық Республикасының Үкметінен және Румынияның жұмысшы партиясының Орталық Комитетінен, Румынияның Ұлы Ұлттық жыйналысы Президиумынан, Герман Демократиялық Республикасының Үкметінен, Германияның социалистік біртұтас партиясының Орталық Комитетінен, Вьетнам Демократиялық Республикасының еңбек партиясы мен Үкметінен, Албания Халық Республикасының миссиясынан, Монғол Халық Республикасының Үкметінен және Монғол Халық-Революциялық партиясының Орталық Комитетінен веноктар әкелінді.

Веноктардағы жазуларда бұл елдердің халықтарының бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің ұлы көсемі және таңдаулы досы, мәңгі жасайтын Сталинге зор алғысы мен сүйіспеншілігі білдірілген.

Табыт жанында — дипломатиялық көрпестің мүшелері, капиталистік елдер үкметтерінің Москваға өкілдері, Аргентина республикасының президенті Хуан Пероннан, Аргентина республикасының елшісі Л. Браводан, Швейцария миссия-

Микоян, М. З. Сабуров, М. Г. Первухин, И. М. Шверник жолдастар тұрды.

Сталин жолдастың есімімен аталған астаналық ауданның делегациясы өтуде. Бұл ауданның еңбекшілері ұлы көсемді сан рет ССРО және РСФСР Жоғарғы Советтеріне, Москва Советіне өздерінің депутатты етін сайлады. Сталин жолдас өзінің сайлаушылары алдында екі дүркін сөз сөйледі. Делегацияның құрамында электр заводының, аспаздар заводының, машина жасау заводының стахановшылары. Олардың ішінде көп адамдар 1946 жылғы 9 февральдағы тарихи жыйналысқа қатысты. Бұл жыйналыста Сталин жолдас коммунистік құрылыстың орасан зор программасын белгілеп берді.

Күрметті қарауыл қайта-қайта алмасуда. Мемлекет қайраткерлері, шашы қырауытқан ғалымдар, жанашыл жұмысшылар, колхозшылар құрметті қарауыл тұруда. Атақты стахановшалар Лидия Колоненко мен Мария Рожнева, бесжүзші машинист Виктор Блаженев, шашпаш әдісті үздік тоқары Павел Быков, Социалистік Еңбек Ері, Подмосковьенің «Борец» ауылшаруашылық артелінің колхозшы әйел Кашкина жолдас және басқа көптеген атақты адамдар табыттың жанында құрметті вахтада болды.

М. А. Сулов, Н. А. Михайлов, П. Е. Пономаренко, С. Д. Игнатьев, А. Б. Арнстов, Н. Н. Шаталин, М. Ф. Шкирятов, А. М. Пузанов, А. Г. Зверев құрметті қарауылға тұрды.

Совет халқының Сталин жолдасқа сүйіспеншілігінің шын мәнісінде шегі жоқ. Бірақ, ортақ қайғы совет адамдарын бір-біріне онан сайын жақындатты, оларды партиямен біте қайнастырды, оларды Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен Совет Үкметінің төңірегіне онан сайын тығыз топтастырады. Партия мен халықтың мақсаты бір. Бұл мақсат — Лениннің — Сталиннің ісін елімізде коммунизмнің толық жеңісіне жеткізу.

Колонналы залды жаңғыртып, қаралы күй үздіксіз тартылуға.

Бұмырт жабылған уақыт. Адамдар үсті-үстіне ағылып келуде. Ригадан латыш халқының делегациясы келді. Залға ұлан-байтақ Отанымыздың республикаларының, өлкелерінің, облыстарының және

Еңбек өнімділігін арттыра береміз

ССР Одағының Министрлер Советінің Председатели және Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің Секретары, совет халықтарының ең жақын досы, ең сүйікті көсемі Иосиф Виссарионович Сталин жолдастың мәңгілік қайтыс болуы бізді, барлық совет адамдарын, дүние жүзі еңбекшілерін ауыр қасіретке душар етті. Біздің көсеміміз Сталин жолдас қайтыс болды, бірақ, Ленинмен бірге ол ұйымдастырған Совет Одағының даңқты Коммунистік партиясы бар. Ленинмен бірге ол жасап, нығайтқан Совет Мемлекеті бар. Совет халқының бейбітшілік, бақытты өмірі мен мызғымас мемлекеттік шекараларын күзетіп тұрған, Ленин мен Сталин ұйымдастырған, Сталин жолдастың данышпаңдық қолбасшылығымен екінші дүниежүзілік соғыста фашизмді талқандаған батыр Совет Армиясы, батыр Соғыс- Теңіз Флоты бар.

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің және Совет Үкметінің көсеміміз Сталин жолдас белгілеп берген айғыр жолмен Сталинше жұмыс істейтіндігімізге, сталиндік көрсендікпен болашақты болжап отырғандығына, ішкі- сыртқы мәселелердің барлығын байыптылықпен Сталинше шешіп отырғандығына совет адамдары шексіз сенеді.

Елімізде коммунизмнің салтанат құруын қамтамасыз ету жөніндегі халқымыздың күресі мен жеңісін тоқтата алмай, біздің ілгерілеуімізге бөгет бола алмайтын дүниеде ешбір күш жоқ. Біздің күшіміздің қайнар бұлағы — Коммунистік партия мен Совет Үкметінің лениндік-сталиндік басшылығында, туысқан совет халықтарының тамаша достығында, совет адамдарының Ленин — Сталин партиясының ісіне шексіз берілгендігінде және олардың қажырлылықпен Отан итілігі үшін еңбек етуінде.

Біз, совет жастары, өсімі мәңгі жасайтын көсеміміз, ең жақын досымыз, сүйікті әкеміз Сталин жолдастың болашақты сәулеттендірген жарқын бейнесін күрес пен жеңістерде жүрегімізде мәңгі сақтаймыз.

Мен «Бірінші Май» кәсіпшілік артелінде өнім сапасын бақылаушы болып істеймін. Сталиндік бесінші бесжылдықты жерзімінен басын орындауға, еңбек өнімділігін еселетей қарқынмен арттыра беруге өзіміз және әлдіміз бірге істейміз.

Жастардың досы

Бүкіл совет халқы және дүние жүзіндегі прогресшіл адамзат баласы сияқты Петропавл қаласындағы Ушинский атындағы мұғалімдер институтының оқытушылар коллективі мен студенттері де бұл күндері ауыр қайғыда. Әр студенттің, әр оқытушының қасірет тартқан өңі, қайғылы көңілі, көзіндегі жас ауыр қазаға қатты қамығып, сүйікті көсем бейнесінің олардың жүрегінде мәңгі сақталатындығын білдіреді. Радио әуе толқыны арқылы Маркстің — Энгельстің — Лениннің ғылыми коммунизм туралы тамаша ілімін ілгері дамытушы, ғылымдардың кемелдері Иосиф Виссарионович Сталин жолдастың қайтыс болғаны туралы Отан жүрегі — Москвадан қайғылы хабар әкелді. Институт үйі қаралы жалаулар жамылды.

Қаралы митингіге 300-ден астам адам жыйналды. Митингіні мұғалімдер институты партия ұйымының секретары Москвина жолдас ашты. СОКП Орталық Комитетінің, ССРО Министрлер Советінің және ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Сталин жолдастың қайтыс болуы туралы хабарын облыстық партия комитетінің нұсқаушысы Феденов жолдас оқыды. Студенттер — коммунистік қоғамның жас құрылысшылары, ертеңгі күнгі мұғалімдер аса зор қайғылы сезіммен Үкмет хабарын тыңдады.

Митингіде шығын сөйлеген институт директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, география ғылымының кандидаты Овчинников жолдас былай деді:

— Қаршайым, кішіпейіл досымыз, данышпан көсеміміз Иосиф Виссарионович Сталин маған бұрынғыдай, совет халқының бақытты келешегі үшін, елімізде коммунистік қоғам орнату үшін қызмет істеп жүрген сияқты. Сталин жолдастың қайтыс болғанын құлағым естісе де, көңілім сенбейді. Көше ғана ол, бізге саяси экономияның, тіл ғылымының, философияның, ауыл шаруашылығы мен медицина ғылымдарының маңызды мәселелерін шешіп, дүние жүзінде теңдесі жоқ совет ғылыммен ілгері дамытты. Ол коммунистік қоғам құрудың алғы шарттарын белгіле-

ді, бір елде коммунизм құруға болатындығын дәлелдеді. Сөйтіп, Маркстің — Энгельстің — Лениннің ілімінің алтын қазынасына жаңа үлес қосты, оны одан әрі дамытты. Марксизмді түсінбей, оны бұрмалаушыларды жеріне жеткізе әшкереледі. Азамат соғысы кезінде, елімізді артта қалған аграрлы елден дүние жүзіндегі алдыңғы қатарлы индустриалы елге айналдыруда, ішкі жаулармен күресте, Ұлы Отан соғысының ауыр күндерінде дана көсеміміз халқымызды жеңістен-жеңіске бастап отырды. Өзінің тамаша өмірін коммунизм ісі үшін жұмсаған данышпан әкеміз, жауынгер досымыз И. В. Сталиннің жарқын бейнесі біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.

— И. В. Сталин жолдастың есімі бізге, совет жастары үшін аса қымбат, — деді тарих факультетінің студенткасы Рогачева. — Сталин жолдас бізді бақыт құшағына бөлеп, мәпелеп өсірді. Ол жастар біздің үмітіміз және болашағымыз деді. Өкеміз Сталин бізді өзінің қамқорлығына алып, Сталиндік Конституция саясатында өсірді, бақытты келешегіміз үшін даңғыл жол салып берді. Біз — жастар СОКП-ның Орталық Комитеті мен Совет Үкметінің маңына бұрынғыдан берік топтасып, даңқты партиямыздың сенімді серігі боламыз. Маркстің — Энгельстің — Лениннің — Сталиннің ұлы, жеңімпаз ілімін творчестволық жігермен оқып, меңгереміз. Сөйтіп, коммунистік қоғамның тамаша құрылысшылары болып, еңбектің, бақыттың, достықтың, бейбітшіліктің мызғымас тірегі болып отырған алтын бесік — Отанымызды гүлдендіре береміз.

Митингіге қатысушылар СОКП Орталық Комитетінің, ССРО Министрлер Советінің және ССРО Жоғарғы Советі Президиумы атына хат жазып, Иосиф Виссарионович Сталиннің қайтыс болуы өздеріне қатты бататынын, оған қайғыратынын айтумен бірге, ғылыми жұмыстар мен оржақты мұғалім кадрларды даярлау жұмысын бұдан әрі жақсарту беретіндіктері турағы міндеттемелер алды.

Колхозшылардың қамқоршысы

БОГОЛЮБОВО. (Телефон арқылы алынды). Бұл қайғылы күндерде ауданның еңбектенген баласынан еңкейген жерісіне

ту үшін еселенген жігермен еңбек етеміз. Мұнан кейін сөз сөйлеген Воронова, Ляхова, Гомонов және басқа колхозшылар

танлыққа ие болып, алдыңғы қатарлы сөзеттік ұлтқа айналғанын қазақ халқы еш уақытта да ұмытпайды. Карел-Фин ССР еңбекшілерінің өкілдері табыттың алдынан өтуде.

Лек-лек келіп жатқан халықтың ұшықыйы жоқ. Орджоникидзе атындағы станок зауытының, Сталин атындағы химия зауытының жұмысшылары, Балашихин ауданындағы мектептердің мұғалімдері, архитекторлар, композиторлар, шаштары қырауытқан еңбек ветерандары. Советтер өлінің жас азаматтары, еркектер мен әйелдер лек-лекімен желуде. Әр қайсысының жүрегінде Ленин — Сталин партиясына шексіз сүйіспеншілік, данышпан көсемнің және ұстаздың мәңгі жасайтын ісіне адал қызмет етуге берген ант.

Залға Мао Цзэ-дун жіберген зор венок әкелінді. Ұлы қытай халқының өкілдері табыттың іргесіне Қытай Коммунистік

Қаралы күй тартылды. Құрметті қарауыл әрбір 2-3 минут сайын алмасуда. Мәскеудің партия активінің өкілдері, жұмысшылар, колхозшылар, ғалымдар, жазушылар, министрліктердің басшылары, ССРО және одақтас республикалар Жоғарғы Советтерінің депутаттары, Совет Одағының Батырлары мен Социалистік Еңбек Ерлері, Совет Армиясының маршалдары мен генералдары, Соғыс-Теңіз Флотының адмиралдары құрметті қарауылда тұрды. Совет Одағының Батыры атағын үш рет алған, даңқты сталиндік қырандар Покрышкин мен Божедуб, академиктер Скобелевтың мен Опарин, жазушылар Фадеев пен Сурков қаралы вахтада тұрды.

...Күндізгі сағат 4. И. В. Сталиннің табыты жанында құрметті қарауылға Г. М. Маленков, Л. П. Берия, В. М. Молотов, К. Е. Ворошилов, Н. С. Хрущев, Н. А. Булганин, Л. М. Каганович, А. И.

шыларынан веноктар өкелінуде.

Бүкіл еліміз ұлы көсеммен қоштасуда. ...Түн ортасы. Бірақ күндізгідей, жешегідей, лек-лек келіп жатқан халықтың ұшы-қыйыры жоқ. Залға Молдавияның делегациясы кірді. Одан кейін Украинаның делегациясы жыйнаған гүлдердің зор веногін әкелді. Алқызыл лентаға алынған: «Ұлы Сталинге, украин халқынан» деген сөздер жазылған.

Иосиф Виссарионович Сталиннің жауынгер серіктері мен шәкірттері Г. М. Маленков, Л. П. Берия, К. Е. Ворошилов, Н. С. Хрущев, Н. А. Булганин, Л. М. Каганович, А. И. Микоян, М. З. Сабуров, М. Г. Перухин, Н. М. Шверник тағы да құрметті қарауылға тұрды.

...Түнгі сағат 3. Совет адамдары әлі де болса И. В. Сталиннің табыты алдынан өтуде.

(СОТА).

БЛКЖО Орталық Комитетінен

Комсомолдың барлық мүшелеріне, Совет Одағының барлық жастарына

Коммунистік партия, совет халқы, бүкіл дүние жүзінің еңбекшілері орасан зор қайғыға душар болды. Адамзаттың данышпаны, Лениннің ұлы серігі және досы, оның мәңгі жасайтын ісін алға апарушы, коммунизмнің қажырлы құрылысшысы, көсеміміз, совет жастарының туысқан және сүйікті әкесі, досы және дана ұстазы — Иосиф Виссарионович СТАЛИН қайтыс болды.

СТАЛИН жолдас өзінің бүкіл қаһармандық өмірін халыққа, партияға, Отанымыздың көркеюіне, коммунизмнің ұлы ісіне жапаямай қызмет ету жолына жұмсады. Ленинен бірге Сталин жолдас Коммунистік партияны құрды, оны тәрбиелеп, шынықтырды. Ленинен бірге СТАЛИН жолдас Ұлы Октябрь социалистік революциясының дем берушісі және көсемі болды, дүние жүзіндегі тұңғыш социалистік мемлекетті орнатушы болды. Лениннің мәңгі жасайтын ісін алға апарып отырып, СТАЛИН жолдас совет халқын біздің елде социализмнің бүкіл дүниежүзілік тарихи жеңісіне жеткізді. СТАЛИН жолдас дала бастауымен совет халқы

дүниежүзілік екінші соғыста фашизмнің қаратүнек күштерін талқандап, ұлы жеңіске жетті. СТАЛИН жолдас партияны және бүкіл халқымызды коммунистік құрылыстың ұлы, айқын программасымен қаруландырды, коммунизмнің сәулетті шыңына апаратын жолды көрсетті. Совет адамдарының еңбек майданындағы әрбір табысында, коммунистік құрылыстың әрбір жаңа жеңісінде біздің мәңгі жасайтын көсеміміз СТАЛИН жолдас дала бастауы, қайтпас жігері, темірдей берік еркі орын алған.

Барлық совет адамдарымен бірге Совет Одағының жігіттері мен қыздары үшін СТАЛИН жолдас есімі — ең қымбатты, ең жақын және ең туысқан есім. СТАЛИН жолдас өмірі біздің әрқайсымыз үшін — коммунизм жолындағы жанқиярлық күрестің ұлы өнегесі.

Комсомолдар мен комсомолқалар, барлық совет жастары бұл қайғылы күндерде бүкіл совет халқы алдында — желешекте де әрдайым даңқты Коммунистік партияның адал және табанды ұрдағы мен қыздары болуға, советтік Отанның жа-

лынды патриоттары болуға, өздерінің бүкіл өмірін Лениннің — Сталиннің ұлы ісіне, коммунизмнің салтанат құруы жолындағы күреске арнауға салтанатты ант береді.

Комсомолдар мен комсомолқалар, совет жастары туысқан Коммунистік партияны, оның Сталиндік Орталық Комитетін: әрдайым қырағы боламыз, сүйікті советтік Отаның қандай жағдайда болса да, өз өмірімізді аямай қорғауға әзір тұрамыз деп сендіреді.

БЛКЖО Орталық Комитеті барлық комсомолдарды, барлық совет жастарын Коммунистік партияның, сталиндік Орталық Комитеттің және Совет Үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтасуға, өздерінің барлық күшін, бүкіл творчестволық жігерін елімізде коммунизм орнатудың ұлы ісіне жұмсауға шақырады.

Совет жігіттері мен қыздары совет адамдары үшін, бүкіл дүние жүзінің еңбекшілері үшін шексіз қымбатты елімізді — ұлы СТАЛИННІҢ мәңгі жасайтын есімін әрдайым жүректерінде сақтайды.

молдептер мен жастардың атынан ант етемін.

П. УСОЛЬЦЕВА,

«Бірінші Май» кәсіпшілік артелінің өнім сапасын бақылаушысы.

Жүрегімізде мәңгі сақпаламын есім

Радио бүкіл еліміздің еңбекшілерімен бірге Петропавл элеваторының жұмысшылары мен қызметкерлер коллективіне зор қайғылы хабарды жеткізді. Бүгін коллективтегі әрбір қызметкердің жүзінен ойды ұлатып, жанды жеңіл ауыр қазаның белгісі сезіледі. Олар қаралы жыйын өткізді.

— Сұм ажал, — деді элеватор партия ұйымының секретары Печенкина жолдас. — біздің арамьдан Коммунистік партия мен Совет Үкметін орнатушы асқан данышпан, ұлы көсемді алып кетті. Бұл орны толмас үлкен қаза. Сталин жолдас Коммунистік партия мен Совет халқының ұлы көсемі болуымен қатар дүние жүзі прогресшіл адам баласының дана басшысы, отар және тәуелді ел халықтарының үміті, күрес туы болды. Ол халықаралық жұмысшылар қозғалысының ұлы теоретигі, данышпан стратег басшысы еді. Оның саналы өмірі, қайтпас жігері, асқан іскерлігі мен дана ұйымдастырушылық қабілеті әркімге үлгі бола алады, біздерді жаңа табысқа жігерлендіреді.

— Адам баласының асқан көмеңгері Сталин жолдас қайтыс болды деген хабар, — деді лаборатория меңгерушісі Бутельникова жолдас, — бізді ауыр қайғыға душар етті. Ол бұл сөздерді тоқтатқан дауыспен іркіліп тоқтап қалып, бөлшек-бөлшек айтты.

— Сталин жолдас есімі бізді майданда жеңіске жетелеп, бейбіт еңбекте табысқа жігерлендіріп отырды. Отан үшін, халық үшін еңбек етуде оның өмірі бізге айқын үлгі бола алады. Оның жарқын бейнесі біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.

Механизатор Журавлев жолдас Сталин жолдас біздің елімізді артта қалған аграрлы елден ауыр индустриясы басым, озат техникалы елге айналдырудағы басшылық роліне тоқталып өтті. Элеватор коллективі ауыр қазаға өз қайғыларын білдіре СОБН Орталық Комитетіне, ССРО Министрлер Советіне және ССРО Жоғарғы Советінің Президиумына хат қабылдады. Олар осы митингіде айлық тапсырманы 110 процент етіп орындауға және еңбек өнімділігін 120 процент арттыруға міндеттемелер алды.

дәйін адамзаттың данышпаны, коммунистік партия мен совет халқының көмеңгер көсемі Иосиф Виссарионович Сталин жолдас жарқын бейнесін көз алдарына үнемі елестетіп, оның мезгілсіз қазасына шексіз қайғыруда. Сонымен қабат, олар өздерінің патриоттық істерімен көмеңгер көсемнің есімін мәңгі сақтау жөнінде партия мен үкметке сенім білдірді.

Каганович атындағы ауылшаруашылық артелінің мүшелері қаралы митингіге ауыр қайғымен жыйналды. Олардың әрқайсысының ойында колхозшы шаруалардың ауқатты және мәдениетті тұрмысын жасаушы Иосиф Виссарионович Сталин жолдас, оның коммунистік қоғам орнату жолындағы өсиеттерін орындау болды.

— Адамзаттың данышпаны Сталин жолдас қайтыс болғаны туралы хабар мәңгі жүрегіме ауыр қасірет болып тиді. Бұл қасіретті айтып жеткізу қыйын, — деді колхозшы Семидоних. Сталин жолдас колхозшы шаруаларды бақытты тұрмысқа, ерікті өмірге бөледі. Біз колхозшы шаруалар көмеңгер көсеміміз Сталин жолдас есімін есте мәңгі сақтап, оның өсиеттерін жүзеге асырамыз. Партияның сталиндік Орталық Комитетінің және Совет Үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да берік топтасамыз. Сталиндік өсиет — колхоз меншігін жалпы халықтық меншік дәрежесіне жеткізу үшін, коммунизм жеңісі мерзімін жақында жөнінде сенім білдіремін.

Ұмытылмайды

Колхозшылардың ең жақын досы, сүйікті көсемі Иосиф Виссарионович Сталин жолдас қайтыс болғаны туралы хабар Октябрь ауданының еңбекшілерін қатты қайғыртты. Ауданның барлық мекемелері мен колхоздарында қаралы митингілер болып өтті.

Бір кезде суы сортаң болып, адам мекеңдейтін жерге көзір Ленин атындағы колхоз орналасқан. Онда онжылдық мектеп, интернат, аурухана, оқу үйі тағы басқа мекемелер бар. Мектепте колхозшылардың, село интеллигенттерінің балалары оқыйды.

Қаралы митингіге қатысқан колхозшылар өздерінің қарапайым сөздерімен Ұлы Сталинге шексіз берілгендігін, оны жаһандай жақсы көретінін айтумен бірге Сталиннің өліміне қатты қайғырағандарын білдірді. Олар осы митингіде көктемгі егіске дайындықты жақсартып, малды қыстап күйлі, аман шығару жөнінде ке-

Сталин жолдас қазалы болуына қатты қайғыратындықтарын білдіре келіп, стахановша еңбек етіп, қоғамдық дәулетті барған сайын ығыайта беру, қырағылықты күшейту, ішкі және сыртқы жауларға өшпенділікпен күшейту жөнінде сенім білдірді.

Ленин атындағы МТС-тің механизаторлары Сталин жолдас қайтыс болуы жөніндегі қаралы митингіде көсемнің есімін өздерінің қажырлы еңбектерімен мәңгі есте сақтайтындарын хабарлады. Механизаторлар тракторлар мен басқа да ауылшаруашылық машиналарын саналы жөндеп, көктемгі дала жұмыстарына мұқият әзірлену жөнінде көтеріңкі міндеттемелер алды.

— Бұл қайғылы күндерде, — деді трактор бригадасының бригадирі Кузан Садуақасов жолдас, — біз, совет адамдары, Сталин жолдас табыты алдында бас иіп, партияның, оның Орталық Комитетінің және Совет Үкметінің төңірегіне тығыз топтасу жөнінде ант береміз. Лениннің — Сталиннің ұлы ісі үшін, коммунистік қоғамның толық салтанат құру үшін табыстап-табысқа жету — совет адамдарының ардақты борышы. Мен бригада мүшелері атынан тракторларды жөндеу жұмысын 10 мартқа дейін аяқтау үшін, коммунизм жеңісі мерзімін жақында жөнінде сенім білдіремін.

теріңкі міндеттеме алды. Сол сияқты, Торангул МТС-нің қамтуындағы Сталин атындағы колхоздың комбайншысы, аудандық Советтің депутаты Вершинин жолдас бұл күндері нормасын 200 процент орындап жүргенін, ал желешекте 300 процентке дейін орындайтынын айтты, міндеттеме алды.

Бұл қайғылы ауыр күндерде Октябрь ауданының еңбекшілері Коммунистік партия мен Совет Үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да берік топтаса түсетіндіктерін білдірді. Өзінің бүкіл өмірін коммунизмнің игілікті ісіне арнаған сүйікті көсеміміз, колхозшылардың досы — Иосиф Виссарионович Сталиннің жарқын бейнесі біздің жүрегімізде мәңгі сақталады. Көсемнің есімі және оның өсиеті ешқашан ұмытылмайды.

С. ВОЛОШИН.
Октябрь ауданы.

Редактор Ф. МҰХАМЕДЖАНОВ.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 3-39 корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53 газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.